

Инновациялар

2015 жылдың тамызында мұнай және газ өндіру департаментінде бұдан бұрын жұмыс істеген жаңа техника және технология бөлімінің негізінде жаңа техника және технологиялар департаменті (ЖТЖТД) құрылды. Дәл осы департаментте «Ембімұнайгаз» АҚ-да алғаш рет жүзеге асырылатын, жоғары техникалық-экономикалық сипаттамалары бар, мұнай және газ өндіруге арналған жаңа техниканың түрлері мен технологиялар алдымен сыналып, содан соң өндіріске енгізіліп жатады. Олар ғылыми-зерттеу ұйымдарының, заңды және жеке тұлғалардың қолданбалы әдістемелерінің нәтижелері, техника мен жабдықтың сериялық түрлері немесе инновациялық технологиялардың енгізілуі болсын, Компанияның кен орындарындағы жағдайларға ұқсас жағдайларда өзін жақсы танытқан.

Жаңа техника мен технологиялар департаментінің негізгі міндеттері:

- ▶ мұнай өндіру, ұңғымалар құрылысы және ұңғымаларды жөндеу саласында жаңа техника мен озық технологияларды енгізу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету;
- ▶ өндірістің технологиялық даярлығын жетілдіру.

Өндіріс көлемінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жетілген кен орындары үшін жаңа жұмыс әдістерін, ұңғымаларды бұрғылау мен кен өндірудің жаңа технологияларын енгізу, жерүсті ғимараттарды жетілдіруге күш пен уақытты инвестициялау. ЕМГ АҚ-да нақты технологиялық міндеттерді және кен орнын пайдалану барысында туатын проблемалық мәселелерді шешу үшін қолданылатын нәрселердің көбісі ЖТЖТД-ның ұсынысымен енгізілді.

Өткен уақыттың ішінде департаментте:

- ▶ 2016 жылы 16 ТӨС өткізілді. Олардың ішінде 10 ТӨС оң нәтиже көрсетіп, өндірісте қолданысқа ұсынылды;
- ▶ 2017 жылы 13 ТӨС жоспарланды, олардың ішіндегі 8-і оң нәтиже берді, үшеуі жалғасуда, мониторинг жүріп жатыр, екеуі теріс нәтиже берді.

Техниканың тәжірибелік үлгілері, техникалық құрылғылар мен оңтайландыру жөніндегі ұсыныстардың барлығы ТӨС сынақ бағдарламасы бойынша өткізіледі. Бағдарлама ойлап табылған нәрселердің авторлары әзірлеген техникалық шарттардың негізінде жасалған.

Мұнай-газ өндіру басқармаларының инженерлері мен геологтары, ЕМГ АҚ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» технологиялары ғылыми-зерттеу институтының мамандары су жіберу технологияларын жетілдірумен, ұңғымалардың өнімділігін жоғарылатумен, бос тұрған ұңғымалар қорын азайтумен және ЖАМ, ТАМ, механикаландырылған өндіру жүйелерінің тоқтап қалу орташа уақытын қысқартумен айналысады.

Жаңа техника және технология департаменті өз жұмысын заманауи технологияларды пайдалану арқылы немесе экономикалық тиімділікті арттыруға және қосымша өндіру көлемін алуға деген тұрақты әрекеті есебінен өнімді қабаттарды пайдаланудың соңғы сатысындағы кен орындарының рентабельділігін арттыру жұмыстарын атқарады.

